

«БЕКІТЕМІН»

Мақтаарал ауданының
прокуроры аға әділет кеңесшісі
Досаев А.Т.
2025 жыл 4 маусым

АЙЫПТАУ АКТІСІ

Мырзакент кенті

2025 жыл 31 мамыр

ЖТТ жетекшісі - Мақтаарал АПБ ТБ тергеушісі полиция аға лейтенанты Ералы А.Б. №255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексерудің материалдарын қарап, ҚР ҚПК-нің 60, 62, 195, 296, 298-300-баптарын басшылыққа ала отырып, күдікпен айыптау актісін жасалды:

[REDACTED], 23.06.1991 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, «SMARTTEL» ұялы телефондарды жөндеу орталығында ұялы телефондарды сатумен айналысады, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] тұрғыны, сотты болмаған, төмендегі көрсетілген жағдайда ауыр санаттағы қылмыстарды қасақана жасаған.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Яғни ол, 31.08.2024 жылы сағат 12:00 шамасында Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Ибраев көшесінің бойында орналасқан орталық базар ішіндегі «SMARTTEL» ұялы телефондарды жөндеу орталығында ұялы телефондарды сатумен айналысып жүрген уақытта өзінің ұстанып жүрген теріс бағыттағы ислам дінінің «салафизм» ағымын насихаттау үшін ұялы телефон сатып алуға келген тұтынушыларға сатылымға шығарылып тұрған ұялы телефондарды ұсынып, тұтынушы ұялы телефонды сатып аламын деген уақытта, өзінің «Fijutsu» маркалы ноутбугі арқылы сатып жатқан ұялы телефон ішіне заңмен тыйым салынған «Дильмурат Абу-Мухаммад» және «Назратуллах Абу-Мариям»-дардың уағыздарын ұялы телефонына жүктеу арқылы діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

Демек күдікті Б [REDACTED] Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын қасақана жасаған.

Одан әрі өзінің қылмыстық пиғылын жалғастыра отырып, 10.01.2025 жылы сағат 12:50 шамасында Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Ибраев көшесінің бойында орналасқан орталық базар ішіндегі «SMARTTEL»

ұялы телефондарды жөндеу орталығында ұялы телефондарды сатумен айналысып жүрген уақытта өзінің ұстанып жүрген теріс бағыттағы ислам дінінің «салафизм» ағымын насихаттау үшін ұялы телефон сатып алуға келген тұтынушыларға сатылымға шығарылып тұрған ұялы телефондарды ұсынып, тұтынушы ұялы телефонды сатып аламын деген уақытта, өзінің «Fijutsu» маркалы ноутбүгі арқылы сатып жатқан ұялы телефон ішіне заңмен тыйым салынған «Дильмурат Абу-Мухаммад» және «Назратуллах Абу-Мариям»-дардың уағыздарын ұялы телефонына жүктеп тарату арқылы діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

Демек күдікті Б [REDACTED] Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігінде көзделген «бірнеше рет діни алауыздықты қоздыру» қылмысын қасақана жасаған.

[REDACTED], 06.11.1986 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі жоғары, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] сотты болмаған, төмендегі көрсетілген жағдайда ауыр санаттағы қылмысты қасақана жасаған.

Яғни ол, 04.10.2024 жылы сағат 12:00-де құрамында 40 адамы бар «WhatsApp» әлеуметтік желісіндегі «АТАКЕНТ БАУЫРЛАР» тобында өзі ұстанатын теріс бағыттағы ислам дінінің «салафизм» ағымын насихаттау үшін заңмен тыйым салынған «Дильмурат Абу-Мухаммад»-тың өзге дін өкілдерін төмен санайтын «Насихатты қабылдайтын жүрек болуы үшін қандай себептерді алу керек?» атаулы, уағзын таратып, діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

Демек күдікті Е [REDACTED] Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын қасақана жасаған.

[REDACTED], 30.04.1982 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты иран, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мақтаарал а/о, [REDACTED] тұрғыны, сотты болмаған, төмендегі көрсетілген жағдайда ауыр санаттағы қылмысты қасақана жасаған.

Яғни ол, 22.06.2024 жылы сағат 22:34-те құрамында 40 адамы бар «WhatsApp» әлеуметтік желісіндегі «АТАКЕНТ БАУЫРЛАР» тобында өздері ұстанатын теріс бағыттағы ислам дінінің «салафизм» ағымын насихаттау үшін заңмен тыйым салынған Діlmұрат Абу Мухаммадтың өзге дін өкілдеріне радикалды және төзімсіздікке бағытталған идеяларды үгіттейтін уағзын, 31.07.2024 жылы сағат 22:17-де құрамында «Назратуллах Абу-Марьям»-ның діни ағымдарға қарсы айыптаулардан тұратын діни алауыздықты және діни араздықты тудыратын белгілері бар уағзын, 16.12.2024 жылы сағат 14:49-да «Назратуллах Абу-Марьям»-ның өзге дін өкілдерін төмен санайтын уағыздарын таратып, діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

[REDACTED], 16.10.1983 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан

Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] үй тұрғыны, сотты болмаған, төмендегі көрсетілген жағдайда ауыр санаттағы қылмысты қасақана жасаған.

Яғни ол, 20.01.2025 жылы сағат 15:07-де құрамында 40 адамы бар «WhatsApp» әлеуметтік желісіндегі «АТАКЕНТ БАУЫРЛАР» тобында өздері ұстанатын теріс бағыттағы ислам дінінің «салафизм» ағымын насихаттау үшін заңмен тыйым салынған «Назратуллах Абу-Марьям»-ның діннен безген ретінде дінін тастап кеткендерді көрсететін уағызын таратып, діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

Демек күдікті С. [REDACTED] Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын қасақана жасаған. [REDACTED], 12.09.1987 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] үй тұрғыны, сотты болмаған, төмендегі көрсетілген жағдайда ауыр санаттағы қылмысты қасақана жасаған.

Яғни ол, 22.06.2024 жылы сағат 18:17-де құрамында 40 адамы бар «WhatsApp» әлеуметтік желісіндегі «АТАКЕНТ БАУЫРЛАР» тобында өздері ұстанатын теріс бағыттағы ислам дінінің «салафизм» ағымын насихаттау үшін заңмен тыйым салынған өзге дін өкілдерін төмен санайтын, радикалды және төзімсіздікке бағытталған идеяларды үгіттейтін «Насихатты қабылдайтын жүрек болуы үшін қандай себептерді алу керек?» атаулы уағызын таратып, діни алауыздықты тудыру қылмысын қасақана жасаған.

Демек күдікті М. [REDACTED] Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын қасақана жасаған.

КҮДІКТІНІҢ ЖАУАПТЫЛЫҒЫН ЖЕҢІЛДЕТЕТІН ЖӘНЕ АУЫРЛАТАТЫН ЖАҒДАЙЫ:

- ҚР ҚК 53 бабына сәйкес күдікті Б.Е. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын жеңілдететін мән-жайлар болып табылады: шын ниетпен өкінуі, кәмелетке толмаған балаларының болуы.

- ҚР ҚК 54 бабына сәйкес күдікті Б.Е. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

- ҚР ҚК 53 бабына сәйкес күдікті Е.К.А. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын жеңілдететін мән-жайлар болып табылады: шын ниетпен өкінуі, кәмелетке толмаған балаларының болуы.

- ҚР ҚК 54 бабына сәйкес күдікті Е.К. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

- ҚР ҚК 53 бабына сәйкес күдікті Ф.А. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын жеңілдететін мән-жайлар болып табылады: анықталған жоқ.

- ҚР ҚК 54 бабына сәйкес күдікті Ф.А. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

- ҚР ҚК 53 бабына сәйкес күдікті С.Е. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын жеңілдететін мән-жайлар болып табылады: шын ниетпен өкінуі, кәмелетке толмаған балаларының болуы.

- ҚР ҚК 54 бабына сәйкес күдікті С.Е. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

- ҚР ҚК 53 бабына сәйкес күдікті М.К. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын жеңілдететін мән-жайлар болып табылады: шын ниетпен өкінуі, кәмелетке толмаған балаларының болуы.

- ҚР ҚК 54 бабына сәйкес күдікті М.К. [REDACTED] қылмыстық жауапкершілігін және жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталған жоқ.

КҮДІКТІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР:

[REDACTED], 23.06.1991 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, «SMARTTEL» ұялы телефондарды жөндеу орталығында ұялы телефондарды сатумен айналысады, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, [REDACTED] үй тұрғыны, сотты болмаған, "күзетпен ұстау" түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

[REDACTED], 06.11.1986 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі жоғары, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] ауылы, Жастар көшесі №12 тұрғыны, сотты болмаған, "күзетпен ұстау" түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

[REDACTED], 30.04.1982 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты иран, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] ауылы, [REDACTED] тұрғыны, сотты болмаған, "күзетпен ұстау" түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

[REDACTED], 16.10.1983 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, [REDACTED] үй тұрғыны, сотты болмаған, "күзетпен ұстау" түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

[REDACTED], 12.09.1987 жылы Түркістан (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан) облысында туылған, ұлты қазақ, Қазақстан Республикасының азаматы, уақытша жұмыссыз, отбасылы, білімі орта, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] үй тұрғыны, сотты болмаған, "күзетпен ұстау" түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған.

Күдіктілер Б. [REDACTED], Е. [REDACTED], Ф. [REDACTED] С. [REDACTED] және М. [REDACTED] іс-әрекеттері сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында жинақталған дәлелдемелер жиынтығымен яғни, тінту хаттамаларымен, алу

хаттамаларымен, нәрселерді қарап тексеру хаттамаларымен, куә жауап алу хаттамаларымен, №7, №98 және №61 санды сараптама қорытындыларымен дәлелденеді.

Алкоголді, есірткі немесе басқада тәуелділік жағдайында мәліметтер: анықталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 48-бабына сәйкес ықтимал тәркіленуге жататын мүлік туралы мәліметтер: жоқ

ҚАРАР БӨЛІГІ:

-Б. [] өзінің іс-әрекетімен Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігінде көзделген «бірнеше рет діни алауыздықты қоздыру» қылмысын;

-Е. [] өзінің іс-әрекетімен Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын;

-Ф. [] өзінің іс-әрекетімен Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын;

-С. [] өзінің іс-әрекетімен Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын;

-М. [] өзінің іс-әрекетімен Қазақстан Республикасы ҚК-нің 174-бабы 1-бөлігінде көзделген «діни алауыздықты қоздыру» қылмысын жасағаны бойынша №255143031000056 санды сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары мен 31.05.2025 жылы дайындалған айыптау актісімен бірге ҚР ҚПК 300-бабының тәртібіне сай Түркістан облысы Мақтаарал ауданының прокурорына айыптау актісін бекітіп, негізінен қарауға сотқа беру үшін жолданады.

Айыптау актісі жасалды:

**ЖТТ жетекшісі - Мақтаарал АПБ
ТБ тергеушісі полиция аға
лейтенанты**

Ералы А.Б.

АНЫҚТАМА

№255143031000056 сотқа дейінгі тергеп-тексеру материалдары бойынша

1.28.02.2025 жылы ҚР ҚК-нің 174-бабы 2-бөлігімен басталды.

2.31.05.2025 жылы айыптау актісімен аяқталды.

3. Күдіктілер Б.М. [REDACTED], Е.А. [REDACTED], Ф. [REDACTED], С. [REDACTED] және М. [REDACTED] қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шаралары қолданылған.

4. Заттай дәлелдемелер:

-1) 2 дана қара түсті «Redmi Note 13» маркалы ұялы телефон, 2) 1 дана «Redmi 12», 3) 1 дана «Redmi 10S», 4) 1 дана «Redmi Note 11», 5) 1 дана «Redmi 9 A», 6) 1 дана «Redmi Note 8», 7) 1 дана «Самсунг А72», 8) 1 дана «Самсунг А53», 9) 1 дана Самсунг А51, 10) 1 дана «Самсунг А04», 11) 1 дана Самсунг А 11, 12) 1 дана Самсунг АS1, 13) 1 дана «Самсунг А 04», 14) 1 дана «XIO MI 12 Lite», 15) 1 дана «Vivo B23E», 16) 1 дана «Vivo Y31», 17) 1 дана P 55, 18) 1 дана «Оппо 5 S», 19) 1 дана кіші флешка, 20) 1 дана қара түсті «FUSITSU» ноутбугі, 21) 1 дана «Самсунг S24», 22) 1- дана «I PAD», 23) 1 дана «USB влешка», 24) 1 дана «Айфон 5 S», 25) 1 дана «USB флешка, 26) 1 дана «Самсунг S24» 27) 1 дана «Айфон 15 про» маркалы ұялы телефоны, 28) 1 дана «XIAOMI 5G» маркалы ұялы телефоны заттай дәлелдемелеріді сақтау қоймасында сақталуда;

-2) 12-дана DVD-R дискісі қылмыстық іс құжаттарымен қоса сақталуда.

5. Азаматтық талап білдірілмеген.

**ЖТТ жетекшісі - Мақтаарал АПБ
ТБ тергеушісі полиция аға
лейтенанты**

Ералы А.Б.



QR-код ЭЦҚ қойылған PDF форматтағы электрондық құжаттың хэш соммасын қамтиды



QR-код қол қойған тұлғаның ЭЦҚ туралы деректерін, лауазымын, мемлекеттік органның атауын, құжатқа қол қойған күнді мен уақытты қамтиды